**«ҚазТрансГаз» АҚ**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған
қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

*2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша
және сол жылы аяқталған алты ай үшін*

## МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексерудің нәтижелері туралы есеп

**Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)**

Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп ........................................ 1-2
Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп ........................................ 3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп ........................................ 4-5
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп ........................................ 6
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген) .......... 7-30

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Building a better working world

# Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексерудің нәтижелері туралы есеп

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Акционері мен Басшылығына

### *Кіріспесі*

Біз «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі «Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының (бірлесіп «Топ» деп аталады) қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есептен, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған алты айлық кезең үшін жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті аралық қысқартылған шоғырландырылған есептерден және ескертпелерден тұрады. Компания басшылығы 34 ХҚЕС (IAS) *«Аралық қаржылық есептілік»* (34 ХҚЕС (IAS)) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің міндетіміз жүргізілген шолып тексерудің негізінде осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік жөнінде қорытынды жасау болып табылады.

### *Тексеру көлемі*

Біз шолып тексерулерге қолданылатын 2410 *«Ұйымның тәуелсіз аудиторы жүргізетін аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру»* Халықаралық стандартына сәйкес сәйкес шолып тексеруді жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге персоналдың, ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты қызметкерлердің арасында сауалнама жүргізу, сондай-ақ шолып тексеруге байланысты талдау және өзге де рәсімдерді орындау кіреді. Шолып тексерудің шеңберінде орындалатын рәсімдер көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудитті жүргізу кезіндегіге қарағанда айтарлықтай аз болғандықтан, бұл аудитті жүргізу барысында анықталуы мүмкін барлық елеулі фактілерді анықтағандығымызға қажетті сенімділікті ұялатуға мүмкіндік бермейді. Тиісінше біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

***Тұжырым***

Жүргізілген шолып тексеруіміздің барысында біз қоса беріліп отырған «ҚазТрансГаз» АҚ-ның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі 34 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес барлық елеулі аспектілерде дайындалмағанына жорамал жасауға мүмкіндік беретін фактілерді анықтамадық.

Ernst & Young LLP

Бахтиёр Эшонкулов
Аудитор / аудит жөніндегі серіктес

Аудитордың 2012 жылғы 27 тамыздағы № МФ-0000099 біліктілік куәлігі

Евгений Жемалетдинов
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2, № 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде берілген

2015 жылғы 31 шілде

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша**

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Материалдық емес активтер | | **1.292.525** | 1.469.899 |
| Негізгі құралдар | 4 | **651.703.365** | 646.885.678 |
| Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар | 5 | **54.657.690** | 58.381.486 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар | | **16.025.558** | 18.765.146 |
| Өтеуге ҚҚС | | **26.049.313** | 16.001.132 |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер | | **344.640** | 226.448 |
| Банктік салымдар | 10 | **32.492.651** | 33.548.252 |
| Пайдалануға шектелген ақша қаражаты | 10 | **3.937.791** | 4.178.146 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | | **728.563** | 993.099 |
| | | **787.232.096** | 780.449.286 |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | 6 | **29.441.626** | 24.687.987 |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек | 7 | **42.205.059** | 63.033.980 |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | 8 | **53.623.075** | 25.427.403 |
| Берілген аванстар | | **3.552.454** | 4.060.879 |
| Өтелуге жататын салықтар | 9 | **4.701.194** | 15.035.590 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **8.529.588** | 4.979.937 |
| Банктік салымдар | 10 | **28.200.352** | 23.490.298 |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 11 | **11.497.243** | 4.631.772 |
| | | **181.750.591** | 165.347.846 |
| **Активтер жиыны** | | **968.982.687** | 945.797.132 |
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 12 | **163.039.875** | 163.039.875 |
| Қосымша төленген капитал | 12 | **224.255.552** | 222.830.632 |
| Шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв | | **546.149** | 546.149 |
| Бөлінбеген пайда | | **182.955.077** | 178.026.553 |
| | | **570.796.653** | 564.443.209 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 13 | **108.802.159** | 106.647.107 |
| Пайыздық қарыздар | 14 | **91.198.881** | 19.000.634 |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар | 15 | **8.170.501** | 7.982.388 |
| Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **3.219.301** | 2.960.308 |
| Келешек кезеңдердің кірістері | | **5.610.835** | 5.368.212 |
| Резервтер | 16 | **39.876.647** | 38.053.675 |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер | | **26.180.262** | 23.430.320 |
| Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек | | **52.883** | 51.188 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | | **208.067** | 226.430 |
| | | **283.319.536** | 203.720.262 |

*7-30 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескер. | **2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 13 | **1.142.642** | 1.125.707 |
| Пайыздық қарыздар | 14 | **21.697.165** | 86.334.449 |
| Байланысты тараптардан алынған қарыздар | 15 | **24.775.802** | – |
| Резервтер | 16 | **15.157.094** | 18.564.588 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 17 | **40.959.429** | 58.112.573 |
| Төленуге жататын салықтар | | **491.834** | 1.255.438 |
| Алынған аванстар | | **4.642.990** | 3.647.034 |
| Өзге ағымдағы міндеттемелер | 18 | **5.999.542** | 8.593.872 |
| | | **114.866.498** | 177.633.661 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **968.982.687** | 945.797.132 |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор С.О.Кусепбаев

Бас бухгалтер Б.Н.Мельдеханов

ХҚЕС және БЕ департаментінің директоры Г.С.Тупенова

*7-30 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін**

| | | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) | |
|---|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2015 жыл | 2014 жыл |
| Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен кірістер | 19 | **158.370.023** | 173.062.689 |
| Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны | 20 | **(127.934.485)** | (138.556.126) |
| **Жалпы пайда** | | **30.435.538** | 34.506.563 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 21 | **(8.446.494)** | (10.060.828) |
| Басқа да операциялық кірістер | 22 | **2.278.325** | 4.165.631 |
| Басқа да операциялық шығыстар | 22 | **(1.190.680)** | (3.924.351) |
| **Операциялық қызметтен болған пайда** | | **23.076.689** | 24.687.015 |
| Қаржылық кірістер | 23 | **5.577.443** | 953.979 |
| Қаржылық шығындар | 23 | **(11.020.409)** | (9.207.151) |
| Бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы үлес | 5 | **(3.723.796)** | (38.296.701) |
| Теріс бағамдық айырма, нетто | 24 | **(2.936.485)** | (14.773.832) |
| **Салық салғанға дейінгі пайда/(залал)** | | **10.973.442** | (36.636.690) |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 25 | **(6.044.918)** | (7.237.516) |
| **Салық салынғаннан кейінгі кезең үшін таза пайда/(шығын)** | | **4.928.524** | (43.874.206) |
| Өзге жиынтық кіріс | | **–** | 429.646 |
| **Шетелдік кәсіпорындардың есептілігін қайта есептеу кезінде туындайтын кіріс** | | **–** | 429.646 |
| **Кезеңде салықтарды шегергенде жиынтық кіріс жиыны** | | **4.928.524** | (43.444.560) |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор — *С.О. Кусеабаев*

Бас бухгалтер — *Б.Н. Мельдеханов*

ХҚЕС және БЕ департаментінің директоры — *Г.С. Тупенова*

*7-30 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін**

| | | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) | |
|---|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2015 жыл | 2014 жыл |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| Салық салғанға дейінгі пайда/(залал) | | **10.973.442** | (36.636.690) |
| **Мыналарға түзетулер:** | | | |
| Тозу және амортизация | 20, 21, 22 | **15.703.128** | 13.661.844 |
| Қаржылық шығындар, нетто | 23 | **5.442.966** | 8.253.172 |
| Бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы үлес | 5 | **3.723.796** | 38.296.701 |
| Газды тасымалдау шығыстары бойынша резервтегі өзгеріс | 16 | **281.412** | 20.479.137 |
| Резервтердегі өзгеріс | | **(119.291)** | (135.706) |
| Газ қарызы бойынша операциялардан болған шығын | 22 | **–** | 1.548.774 |
| Күмәнді берешек, берілген аванстар, ескірген және өтпейтін ТМҚ бойынша резервтегі өзгеріс, нетто | 21 | **(1.294.475)** | 315.865 |
| Болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы | 22 | **(56.120)** | (958.470) |
| Қызметкерлерге берілген тұрғын үй өтемақыларының амортизациясы | 21 | **303.542** | 179.800 |
| Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің өткізілуінен болатын залал, нетто | 22 | **110.063** | 236.492 |
| Теріс бағамдық айырма | | **2.900.848** | 19.239.173 |
| Негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залал | 22 | **5.278** | 182.532 |
| Актуарийлік бағалаудағы өзгеріс және жұмыскерлердің сыйақылары бойынша дисконт амортизациясы | | **120.533** | 149.073 |
| **Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық пайда** | | **38.095.122** | 64.811.697 |
| Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс | | **(3.720.260)** | 2.916.240 |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешектегі өзгеріс | | **12.499.753** | 1.799.455 |
| Берілген аванстардағы өзгеріс | | **508.425** | 1.403.033 |
| Өтеуге жататын салықтардағы өзгеріс | | **286.215** | (3.536.463) |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешектегі өзгеріс | | **(17.363.108)** | (9.826.761) |
| Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердегі өзгеріс | | **138.460** | – |
| Төленетін салықтардағы өзгеріс | | **(763.604)** | (813.056) |
| Алынған алғытөлемдердегі өзгеріс | | **995.956** | 742.561 |
| Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс | | **(2.665.525)** | (1.971.093) |
| Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс | | **(67.668)** | (66.907) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының түсімі** | | **27.943.766** | 55.458.706 |
| Төленген пайыздар | | **(5.605.267)** | (4.346.793) |
| Төленген табыс салығы | | **(6.772.530)** | (7.538.727) |
| Банк салымдары бойынша алынған пайыздар | | **2.461.061** | 583.521 |
| **Операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары** | | **18.027.030** | 44.156.707 |
| **Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары** | | | |
| Банк салымдарын орналастыру | | **(3.367.093)** | (37.477.720) |
| Пайдалануда шектелген ақша қаражатын алу/(орналастыру) | 10 | **240.355** | (1.596.055) |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | 8 | **(28.614.800)** | (15.900.879) |
| Байланысты тараптар өтеген пайызсыз қарыздар | | **102.930** | – |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | | **(11.450.412)** | (15.528.222) |
| Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсім | | **8.240.714** | 420.043 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар | | **(5.285.838)** | (4.522.390) |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(40.134.144)** | (74.605.223) |

*7-30 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2013 жылдың 30 маусымында 30 маусым (аудит жүргізілмеген) 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары** | | | |
| Банк қарыздары мен борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер | | **66.927.022** | 103.882.582 |
| Байланысты тараптардан қарыздар бойынша түсімдер | 15 | **25.321.800** | – |
| Банк қарыздарын және борыштық бағалы қағаздарды өтеу | | **(63.276.237)** | (62.740.573) |
| **Қаржылық қызметтен болған таза ақша ағымдары** | | **28.972.585** | 41.142.009 |
| Ақша қаражатындағы және олардың баламаларындағы таза өзгеру | | **6.865.471** | 10.693.493 |
| Кезең басындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары | 11 | **4.631.772** | 10.532.914 |
| **Кезең соңындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары** | 11 | **11.497.243** | 21.226.407 |

## АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР – АҚПАРАТТЫ ҚОСЫМША АШЫП КӨРСЕТУ

**Құбырларды беру**

2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топ өтеусіз негізде 422.159 мың теңге (2014 жылғы 30 маусымда: 197.852 мың теңге) сомасына негізгі құралдарды алды *(4-ескертпе)*.

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда Топ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-нан сенімгерлік басқаруға 6.791.631 мың теңге жалпы сомаға негізгі құралдарды алды. 2014 жылғы 29 мамырда Топ 3.823.518 мың теңге сомасына Батыс Қазақстан облысында орналасқан газ құбырларын сенімгерлік басқару шартын жасады.

**Дебиторлық берешектің есебіне берілген тауар-материалдық қорлар**

2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топ «КазНефтеГазПром» ЖШС-тен болған сауда дебиторлық берешекті өтеу есебінен әділ құны 1.486.400 мың теңге (баламасы 8.000.000 АҚШ доллары) болатын тауар-материалдық қорларды алды (2014 жылғы 30 маусым: нөл теңге).

**Пайыздық қарыздар**

2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде «VTB Bank» тобының қарызы «Natixis», «ING Bank, a branch of ING-DiBa AG», «Citibank N.A., London branch» банктер синдикатынан алынған қарыздың есебінен өтелді. Бұл борышты синдикат тікелей «VTB Bank» тобына өтеп берді (2014 жылғы 30 маусым: нөл теңге) *(14-ескертпе)*.

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор — *С.О.Кусаинбаев*

Бас бухгалтер — *Б.Н.Мельдеханов*

ХҚЕС және БЕ департаментінің директоры — *Г.С.Тупенова*

*7-30 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

| *Мың теңгемен* | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв | Бөлінбеген пайда | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **2014 жылғы 1 қаңтарға (аудит жүргізілген)** | 144.011.655 | 7.369.647 | 154.457 | 283.100.106 | 434.635.865 |
| Кезеңдегі таза шығын | – | – | – | (43.874.206) | (43.874.206) |
| Шетелдік кәсіпорындар есептілік валюталарын қайта есептеу | – | – | 429.646 | – | 429.646 |
| **Кезеңдегі жиынтық залал жиыны** | – | – | 429.646 | (43.874.206) | (43.444.560) |
| Акциялар шығарылымы *(12-ескертпе)* | 12.145.330 | (3.823.518) | – | – | 8.321.812 |
| Акционердің тарапынан жарна *(12-ескертпе)* | – | 10.615.149 | – | – | 10.615.149 |
| Акционерге бөлу | – | – | – | (8.321.812) | (8.321.812) |
| **2014 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | 156.156.985 | 14.161.278 | 584.103 | 230.904.088 | 401.806.454 |
| **2015 жылғы 1 қаңтарға (аудит жүргізілген)** | 163.039.875 | 222.830.632 | 546.149 | 178.026.553 | 564.443.209 |
| Кезеңдегі таза пайда | – | – | – | **4.928.524** | **4.928.524** |
| **Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны** | – | – | – | **4.928.524** | **4.928.524** |
| Акционердің тарапынан жарна *(12-ескертпе)* | – | **1.424.920** | – | – | **1.424.920** |
| **2015 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **163.039.875** | **224.255.552** | **546.149** | **182.955.077** | **570.796.653** |

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор — *С.О. Кусепбаев*

Бас бухгалтер — *Б.Н. Мельдеханов*

ХҚЕС және БЕ департаментінің директоры — *Г.С. Тупенова*

*7-30 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

**2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

## 1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

**Топ**

Қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі «Компания» немесе «ҚТГ») және оның еншілес ұйымдарының (бірлесіп «Топ» деп аталады) қаржылық есептілігі кіреді.

ҚТГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі «Үкімет») 2000 жылғы 5 ақпандағы № 173 Қаулысының негізінде бекітілген және 2000 жылғы 13 наурыздағы жабық акционерлік қоғам күйінде тіркелген акционерлік қоғам болып табылады. 2004 жылғы 9 маусымда Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып қайта тіркелді. Топтың бас кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 36 көше, 11-үй, «БЦ Болашақ».

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі «ҚазМұнайГаз») ҚТГ-ның жалғыз акционері болып табылады. ҚазМұнайГаз-дың жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ (бұдан әрі «Самұрық-Қазына») арқылы Үкімет болып табылады және «ҚазМұнайГаз» бен «Самұрық-Қазына»-ның барлық еншілес ұйымдары Компанияның және Топтың байланысты тараптары ретінде қарастырылады *(26-ескертпе)*.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 Қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ газ және газбен қамсыздандыру саласында ұлттық оператор болып анықталды. Топтың ұлттық оператор ретіндегі негізгі міндеті Қазақстанның тауар газындағы ішкі мұқтаждықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына мыналар кіреді:

- Қазақстанда магистральды құбырлардың газ көлік жүйелерін жалпы дамыту үшін инвестициялық қызметті басқару;
- Қазақстанда газ кеніштерін әзірлеу үшін инвестициялық қызметті басқару;
- газ өнеркәсібінде жобаларды зерттеу және әзірлеу бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету;
- шетелдік және жергілікті нарықтарда газды өткізу;
- газ өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және ендіру бағдарламасына қатысу.

Қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға Компанияның Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры, Бас бухгалтері мен ХҚЕС және БЕ департаментінің директоры 2015 жылғы 31 шілдеде бекітті.

**Көмірсутектерді барлау және өндіру**

2000 жылғы желтоқсанда Топ Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен Жамбыл облысының Амангелді, Анабай, Айракты және Құмырлы газ кеніштерін қоса алғанда, Солтүстік Үшарал, Үшарал-Кемпіртөбе аумақтарында, сондай-ақ XXXIII-48, XXXIII-49, XXXIV-49, XXXIV-50, XXXIV-51, XXXV-50 блоктарында көмірсутектерді барлау және өндіру жұмыстарын жүзеге асыруға арналған Келісімшартқа (бұдан әрі «Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт») қолын қойды. Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың қолданылу мерзімі 31 жылды құрайды. Топ 2003 жылдың қарашасында Амангелді кен орнында және 2014 жылдың желтоқсанында Жарқұм кен орнында газды өндіруді әрі оны өткізуді бастады.

Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың талаптары бойынша Топтың, егер көмірсутектің коммерциялық тиімді қорлары анықталмаған жағдайда, өзінің кез келген келісімшарттық аумағынан бас тартуға құқығы бар.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ (жалғасы)

**Концессия шартындағы өзгеріс**

«Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының газ көлік жүйесінің негізгі активтері күйіндегі республикалық мүлік 2013 жылғы 31 шілдедегі айырбас шарты бойынша «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының меншігіне берілуі тиіс. «Самұрық-Қазына»-ға газ көлік жүйесінің активтерін беру үшін Концессия шартының тоқтатылуы қажет еді. 2014 жылғы 19 тамызда «Интергаз Орталық Азия» АҚ еурооблигацияларын ұстаушыларының Концессия шартының бұзылуы және активтердің берілуі бойынша еурооблигацияларды шығару проспектісінің талаптарына өзгерістерді енгізуге келісімдері алынды.

2014 жылғы 5 желтоқсандағы Концессия шартын бұзу туралы келісімге сәйкес тараптар бір бірін Концессия шарты бойынша барлық міндеттемелерден босатады. Бір мезгілде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің, «Самұрық-Қазына» мен «Интергаз Орталық Азия» АҚ-нын арасында Мүлікті сенімгерлік басқару туралы үшжақты шарт жасалды.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі 34 ХБЕС *«Аралық қаржылық есептілік»* сәйкес дайындалды.

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс барлық мәліметтер мен деректер кірмейді және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

**Еншілес ұйымдар**

2015 жылғы 30 маусымдағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған келесі ұйымдардың капиталына қатысты:

| Атауы | Тіркелген жері | Негізгі қызметі | Қатысу үлесі<br>2015 жылғы 31 маусым | Қатысу үлесі<br>2014 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| «Интергаз Орталық Азия» АҚ («ИОА») | Қазақстан | Газды тасымалдау, сату және сақтау, Қазақстанда газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ («ҚТГ Аймақ») | Қазақстан | Газды жергілікті қуат өндірушілерге, заңды және жеке тұлғаларға өткізу | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Алматы» ЖШС («ҚТГ Алматы») | Қазақстан | Газды заңды және жеке тұлғаларға сату әрі бөлу | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Тбилиси» АҚ («ҚТГ Тбилиси») | Грузия | Газды сату және бөлу | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС (ҚТГ Өнімдері») | Қазақстан | Газды тазарту | 100% | 100% |
| «Аманкелді Газ» ЖШС («АГ») | Қазақстан | Табиғи газды және газ конденсатын өндіру | 100% | 100% |
| «Интергаз Файнэнс Б.В.» («ИФБВ») | Нидерландтар | Еурооблигацияларды шығару (борыштық қаражатты тарту) | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Бишкек» ЖШҚ («КТГ Бишкек») | Қырғызстан | «Бухараның газды ауданы-Ташкент-Бішкек-Алматы» магистральды газ құбыры учаскесінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары және жаңғырту | 100% | 100% |

Кутаиси қалалық сотының 2009 жылғы 16 наурыздағы шешіміне сәйкес Топ өзінің еншілес ұйымы «ҚТГ Тбилиси» АҚ бақылаудан айырылып қалды. Бұл еншілес ұйымды шоғырландыру бақылаудан айырылу күнінен бастап тоқтатылды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРІ

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Топ алғаш рет пайдаланатын қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2015 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Жаңа стандарттың/түзетудің сипаты мен әсері төменде сипатталған:

***«Белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламалары: жұмыскерлердің жарналары» (19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер)***

19 ХҚЕС-ке (IAS) сай белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламаларын ескеру кезінде ұйым жұмыскерлердің немесе үшінші тараптардың жарналарын назарға алуы тиіс. Егер жарналар қызметтерді көрсетумен байланысты болса, олар теріс сыйақы ретінде қызмет көрсету мерзімдеріне жатқызылуы тиіс. Бұл түзетулер, егер жарна сомасы қызметтерді көрсету жылдарына тәуелді болмаса, ұйым мұндай жарналарды қызметтерді көрсету кезеңдеріне жатқызудың орнына оларды тиісті қызметтер көрсетілген кезеңде қызмет құнының азаюы ретінде мойындауға құқылы екендігін түсіндіреді. Мұндай түзету 2014 жылғы 1 шілдеден немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзету Топтың қаржылық жағдайына әсер етпейді, өйткені Топ шеңберіндегі бірде бір ұйымның жұмыскерлердің немесе үшінші тараптардың жарналарын көздейтін белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары жоқ.

***«ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2010-2012 жылдар»***

Бұл түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді және Топ оларды алғаш рет аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте қолданды. Оларға мыналар кіреді:

*2 ХҚЕС (IFRS) «Акцияларға негізделген төлемдер»*

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және нәтижелерге қол жеткізудің белгілі бір шарттарымен байланысты түрлі мәселелерді және құқықтардың берілу шарттары болып табылатын қызметтерді көрсету кезеңінің шарттарын түсіндіреді, оған қоса:

- Нәтижелерге қол жеткізу шарты қызметтерді көрсету кезеңінің шартын қамтуы тиіс.
- Нысаналы көрсеткіш қарсы агенттің қызметтерді көрсетуі уақытында қол жеткізілуі тиіс.
- Нысаналы көрсеткіш ұйымның операцияларымен немесе қызметімен немесе дәл сол топтағы басқа ұйымның операцияларымен немесе қызметімен байланысты болуы мүмкін.
- Нәтижелерге қол жеткізу шарты нарықтық немесе нарықтық емес шарт болуы мүмкін.
- Егер қарсы агент себептерге қарамастан құқықтарды беру кезеңінің ішінде қызмет көрсетуді тоқтатса, қызмет көрсету кезеңінің шарты орындалмайды.

Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

*3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнесті біріктіру»*

Түзету ретроспективті түрде қолданылады және бизнесті біріктіру нәтижесінде туындаған міндеттемелер (немесе активтер) ретінде жіктелген шартты өтеу туралы барлық келісімдер кейіннен олардың 9 ХҚЕС-тің (IFRS) (не болмаса 39 ХҚЕС (IAS), егер қолданылатын болса) қолданылу аясына жататындығына қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілуі тиіс екендігін түсіндіреді. Бұл түзету Топтың қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

## 3. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Топ алғаш рет пайдаланатын қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

***«ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2010-2012 жылдар» (жалғасы)***

*8 ХҚЕС (IFRS) түзету «Операциялық сегменттер»*

Түзетулер ретроспективті түрде колданылады және мыналарды түсіндіреді:

- Ұйым агрегацияланған операциялық сегменттердің қысқаша сипаттамасын және сегменттердің «соған ұқсас» болып табылатындығын бағалау үшін пайдаланылған экономикалық сипаттамаларды (мысалы, сату және жалпы маржа) коса алғанда, 8 ХҚЕС-тің (IFRS) 12-тармағында көрсетілген агрегациялау критерийлерін колдану кезінде басшылық жасаған пайымдаулар туралы ақпаратты ашып көрсетуі тиіс.
- Сегмент активтерін салыстырып тексеру және активтердің жалпы сомасы туралы ақпаратты ашып көрсету тек егер салыстырып тексеру операциялық шешімдерді қабылдайтын басшылыққа сегменттің міндеттемелері туралы ақпаратты ашып көрсету жөніндегі талапқа ұқсас етіп ұсынылған жағдайда ғана талап етіледі.

*16 ХҚЕС-ке (IAS) «Негізгі құралдар» және 38 ХҚЕС-ке (IAS) «Материалдық емес активтер»*

Түзету ретроспективті түрде қолданылады және 16 ХҚЕС (IAS) пен 38 ХҚЕС-ке (IAS) сай актив оның жалпы баланстық құнын нарықтық құнға дейін түзету арқылы немесе баланстық құн үшін нарықтық құнды айқындау және түпкі баланстық құн активтің нарықтық құнына тең болатындай етіп жалпы баланстық құнды пропорционалды түзету арқылы қадағаланатын деректерді пайдаланудың негізінде қайта бағалануы мүмкін. Сонымен бірге, жинақталған амортизация активтің жалпы баланстық және баланстық құны арасындағы айырманы білдіреді. Топ ағымдағы аралық кезең ішінде қайта бағалаудан болған түзетулерді мойындамады.

*24 ХҚЕС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету»*

Түзету ретроспективті түрде қолданылады және басқарушы ұйым (басты басқарушылық персоналдың қызметтерін көрсететін ұйым) байланысты тарап болып табылатындығын және оған байланысты тараптар туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын талаптар қолданылатындығын түсіндіреді. Сонымен бірге, басқарушы ұйымның қызметтерін пайдаланатын ұйым басқару қызметтерін алу нәтижесінде шеккен шығыстар туралы ақпаратты ашып көрсетуге тиіс. Бұл түзету Топтың қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді, өйткені ол басқа ұйымдардан басқару қызметтерін алмайды.

***«ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2011-2013 жылдар»***

Бұл түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді және Топ оларды алғаш рет аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте қолданды. Оларға мыналар кіреді:

*3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнесті біріктіру»*

Түзету перспективті түрде қолданылады және 3 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданылу аясынан болған ерекшеліктерді түсіндіреді:

- Бірлескен кәсіпкерлік бүтіндей, тек бірлескен кәсіпорындар ғана емес 3 (ХҚЕС) (IFRS) қолданылу аясына жатпайды;
- Бұл қолданылу аясынан алынған ерекшелелік тек бірлескен кәсіпкерліктің қаржылық есептілігіндегі есепке алуға қатысты ғана қолданылады.

*13 ХҚЕС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»*

Түзету ретроспективті түрде қолданылады және 13 ХҚЕС-тегі (IFRS) портфельге қатысты ерекшелілік тек қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерге қатысты ғана емес, сондай-ақ 9 ХҚЕС-тің (IFRS) (не болмаса 39 ХҚЕС (IAS), егер қолданылатын болса) қолданылу аясына келетін басқа да шарттарға қатысты қолданыла алады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 3. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Топ алғаш рет пайдаланатын қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

***«ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2011-2013 жылдар» (жалғасы)***

*40 ХҚЕС (IAS) «Инвестициялық мүлік»*

40 ХҚЕС (IAS) қосымша қызметтерді талдау негізінде инвестициялық жылжымайтын мүлікті және меншік иесі алатын жылжымайтын мүлікті (яғни негізгі құралдар) шектейді. Түзету ретроспективті түрде қолданылады және 3 ХҚЕС (IFRS), 40 ХҚЕС-тегі (IAS) қосымша қызметтердің талдауы емес, операцияның активті сатып алу немесе бизнесті біріктіруі болып табылатындығының анықтамасы үшін пайдаланылатындығын түсіндіреді. Бұл түзету Топтың қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдар мен тиісінше жинақталған тозу былайша көрсетілген:

| | Жер | Газ активтері | Ғимараттар | Машиналар мен жабдықтар | Газ көлік жүйесі | Көлік құралдары | Басқасы | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құны** | | | | | | | | | |
| 2014 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген) | 1.459.327 | 30.369.522 | 57.310.179 | 176.231.431 | 425.755.950 | 22.449.550 | 8.031.740 | 38.165.203 | 759.772.902 |
| Түсімдер | 7.971 | 1.256.134 | 119.296 | 145.593 | 175.517 | 62.874 | 200.424 | 18.025.865 | 19.993.674 |
| ТМҚ-дан аударымдар | – | – | – | – | – | – | 314 | 461.082 | 461.396 |
| Материалдық емес активтерге аударымдар | – | – | – | – | – | – | – | (5.391) | (5.391) |
| Аударымдар | – | 60.938 | 1.297.573 | 9.975.775 | 4.413.679 | 41.272 | 92.265 | (15.881.502) | – |
| Шығулар | (75) | – | (139) | (18.083) | (70.298) | (11.150) | (83.092) | (38.045) | (220.882) |
| 2015 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген) | 1.467.223 | 31.686.594 | 58.726.909 | 186.334.716 | 430.274.848 | 22.542.546 | 8.241.651 | 40.727.212 | 780.001.699 |
| **Жинақталған тозу және құнсыздану** | | | | | | | | | |
| 2014 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген) | – | (6.660.836) | (6.248.372) | (34.808.980) | (46.996.009) | (12.447.930) | (3.994.177) | (1.730.920) | (112.887.224) |
| Амортизациялық аударымдар | – | (557.878) | (1.265.032) | (5.484.946) | (7.043.371) | (766.761) | (395.834) | – | (15.513.822) |
| Құнсыздану | – | – | – | – | – | – | – | (5.278) | (5.278) |
| Аударымдар | – | (27.287) | (19.290) | (82.560) | 182.222 | (56.975) | 3.890 | – | – |
| Шығулар | – | – | 139 | 6.769 | 52.902 | 8.747 | 39.433 | – | 107.990 |
| 2015 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген) | – | (7.246.001) | (7.532.555) | (40.369.717) | (53.804.256) | (13.262.919) | (4.346.688) | (1.736.198) | (128.298.334) |
| **Қалдық құны** | | | | | | | | | |
| 2014 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген) | 1.459.327 | 23.708.686 | 51.061.807 | 141.422.451 | 378.759.941 | 10.001.620 | 4.037.563 | 36.434.283 | 646.885.678 |
| 2015 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген) | 1.467.223 | 24.440.593 | 51.194.354 | 145.964.999 | 376.470.592 | 9.279.627 | 3.894.963 | 38.991.014 | 651.703.365 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Топ жергілікті билік органдарынан 422.159 мың теңге сомасына негізгі құралдарды өтеусіз алды (2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде: 197.852 мың теңге).

2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде аяқталмаған құрылысқа түсімдер негізінен 6.617.959 мың теңге сомаға магистральды газ құбырларын күрделі жөндеуді, 1.614.505 мың теңге сомаға электржабдығын жөндеуді, 1.053.911 мың теңге сомаға газ айдайтын агрегаттарды күрделі жөндеуді, 719.929 мың теңге сомаға Ақтөбенің КС-12 УМГ реверсті газ құбырын салуды және қосуды, 273.479 мың теңге сомаға қазандық жабдығын жөндеуді білдіреді. Сондай-ақ Топ құрылыс объектілері және жалғанған газ құбырларын жаңғырту бойынша 6.176.123 мың теңге жалпы сомаға қорларды сатып алып, мердігерлердің жалақысы мен жұмысының ақысын төледі.

2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша толығымен тозуы есептелген, бірақ пайдаланудағы негізгі құралдардың бастапқы құны 19.135.198 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: 17.269.075 мың теңге) болды.

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2015 жылғы 30 маусымдағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігінде үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін келесі бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестері болды:

| Атауы | Тіркелген жері | Негізгі қызметі | Үлес, % 2015 жылғы 30 маусым | 2014 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| «Азиялық газ құбыры» ЖШС («АГҚ») | Қазақстан | Қазақстан – Қытай газ құбырын салу және пайдалану | 50% | 50% |
| «ҚазТрансГаз АГ» («ҚТГ АГ») | Швейцария | Электрэнергиясын өндіру бойынша кәсіпорындарды әзірлеу және салу, электрэнергиясын және көмірсутекті шикізатты өндіру, бөлу және сату | – | 50% |
| «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС («БШГ») | Қазақстан | Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу және пайдалану | 50% | 50% |
| «АвтоГаз» ЖШС («АВГ») | Қазақстан | Автогазтолтыру компрессорлық станцияларды ұйымдастыру, пайдалану, салу және қызмет көрсету | 50% | 50% |

Елеулі бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар туралы жалпылама қаржылық ақпарат төменде келтірілген:

### «АГҚ»

Келесі кестеде Компанияның АГҚ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есептегі үлес** | | |
| Ағымдағы активтер | **311.499.835** | 309.420.744 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **1.537.834.903** | 1.499.250.376 |
| Ағымдағы міндеттемелер | **(201.784.281)** | (184.776.698) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | **(1.651.363.359)** | (1.656.541.408) |
| **Таза міндеттемелер** | **(3.812.902)** | (32.646.986) |
| **Инвестицияның баланстық құны** | **–** | – |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

### «АГҚ» (жалғасы)

| | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) | |
|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **2015 жыл** | 2014 жыл |
| **Бірлескен кәсіпорынның жиынтық кірісі туралы есеп** | | |
| Кезеңдегі таза пайда/(шығын) | **28.779.581** | (155.294.940) |
| Бірлескен кәсіпорынның кезеңде болған пайдасындағы/(шығынындағы) үлесі | **–** | (23.776.169) |
| Кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс | **54.503** | 859.291 |
| Кезеңде басқа да жиынтық кірістегі үлес | **–** | 429.646 |

2008 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Компанияның 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен АГҚ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2015 жылғы 30 маусымда АГҚ жарғылық капиталы 1.200.000 мың теңге болды, олардың 600.000 мың теңге сомасын Компания төледі.

2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін Компанияның таза пайдадағы және АГҚ-ның басқа да жиынтық кірісіндегі мойындалмаған үлесі 14.417.042 мың теңге болды, өйткені кезең басына Компанияның АГҚ-ның жинақталған таза шығындарындағы мойындалмаған үлесі 16.323.493 мың теңге болды.

### «БШГ»

Келесі кестеде Компанияның «БШГ»-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | **2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есептегі үлес** | | |
| Ағымдағы активтер | **18.128.086** | 31.178.242 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **381.001.708** | 330.271.964 |
| Ағымдағы міндеттемелер | **(83.373.891)** | (46.215.736) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | **(208.079.257)** | (200.148.532) |
| **Таза активтер** | **107.676.646** | 115.085.938 |
| **Инвестицияның баланстық құны** | **53.838.323** | 57.542.969 |

| | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) | |
|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **2015 жыл** | 2014 жыл |
| **Бірлескен кәсіпорынның жиынтық кірісі туралы есеп** | | |
| Кезеңдегі таза шығын | **(9.348.120)** | (29.927.282) |
| Бірлескен кәсіпорынның кезеңде болған пайдасындағы/(шығынындағы) үлесі | **(4.674.060)** | (14.963.641) |
| **Қосымша инвестиция** | | |
| Берілген қарыздың бастапқы мойындалуынан болған дисконт *(8-ескертпе)* | **1.938.824** | – |
| Берілген қарыздың бастапқы мойындалуынан болған дисконтта Топ үлесі | **969.412** | – |

2011 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Компанияның 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен ШБГ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2015 жылғы 30 маусымда БШГ жарғылық капиталы 145.430.000 мың теңге болды, олардың 72.715.000 мың теңге сомасын Компания төледі.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

**«АВГ»**

Келесі кестеде Компанияның АВГ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп** | | |
| Ағымдағы активтер | **262.033** | 339.444 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **1.809.335** | 1.817.538 |
| Ағымдағы міндеттемелер | **(432.634)** | (479.948) |
| **Таза активтер** | **1.638.734** | 1.677.034 |
| **Инвестицияның баланстық құны** | **819.367** | 838.517 |

| *Мың теңгемен* | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның жиынтық кірісі туралы есеп** | | |
| Кезеңдегі таза (шығын)/пайда | **(38.296)** | 26.926 |
| Бірлескен кәсіпорынның кезеңде болған пайдасындағы/(шығынындағы) үлесі | **(19.148)** | 13.463 |
| Кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс | **–** | – |
| Кезеңде басқа да жиынтық кірістегі үлес | **–** | – |

## 6. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Материалдар және қорлар | **14.172.498** | 11.148.789 |
| Газ қорлары | **15.533.919** | 13.812.363 |
| | **29.706.417** | 24.961.152 |
| Минусы: ескірген және өтпейтін тауар-материалдық қорларға резерві | **(264.791)** | (273.165) |
| | **29.441.626** | 24.687.987 |

Материалдар мен қорларға, негізінен, газ көлік жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге арналған қосалқы бөлшектер, газ көлік жабдығында пайдалануға арналған метанол мен майлау материалдары және ішкі пайдалануға арналған тауарлар кіреді. Газ қорларына жағар газ және сатуға арналған газ кіреді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 7. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі | 36.018.811 | 48.863.813 |
| Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі *(26-ескертпе)* | 7.641.967 | 17.328.071 |
| Басқа да дебиторлық берешек | 1.209.821 | 915.466 |
| | 44.870.599 | 67.107.350 |
| Минусы: күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв | (2.665.540) | (4.073.370) |
| | 42.205.059 | 63.033.980 |

2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша дебиторлық берешектің 56% «Газпром» тобы компанияларының газ транзиті мен экспорты үшін берешегі құрады (2014 жылдың 31 желтоқсанына: 42%). 2015 жылдың 30 маусымына дебиторлық берешектің 55% АҚШ долларында білдірілді (2014 жылдың 31 желтоқсанына: 42%).

Күмәнді берешек бойынша резервтегі қозғалыс былайша берілген:

| *Мың теңгемен* | Жеке негіздегі құнсыздану |
|---|---|
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)** | (4.073.370) |
| Кезеңдегі аударымдар | (254.492) |
| Бағамдық айырма | (65.103) |
| Пайдаланылды | 186.832 |
| Қалпына келтірілгені | 1.540.593 |
| **2015 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | (2.665.540) |

## 8. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРҒА БЕРІЛГЕН ПАЙЫЗСЫЗ ҚАРЫЗДАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар *(26-ескертпе)* | 54.718.001 | 26.206.131 |
| Минусы: дисконт | (1.094.926) | (778.728) |
| | 53.623.075 | 25.427.403 |

2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топ «Бозой» компрессорлық станциясын құрылысын қаржыландыруға бағытталған «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырын салу» жобасының екінші кезеңін іске асыру үшін 28.614.800 мың теңге мөлшерінде «Бейнеу Шымкент газ құбыры» ЖШС (бұдан әрі «БШГ») бірлескен кәсіпорнына пайызсыз қарыз берді. Әділ құны бойынша пайызсыз қарызды бастапқы мойындаудан болған дисконт 1.988.824 мың теңге болды *(5-ескертпе)*.

## 9. ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН САЛЫҚТАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Өтелуге жататын ҚҚС-тың ағымдағы бөлігі | 4.338.890 | 9.925.294 |
| Мүлікке салынатын салық | 100.491 | 109.806 |
| Өтелуге жататын өзге де салықтар | 261.813 | 5.000.490 |
| | 4.701.194 | 15.035.590 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 10. БАНКТІК САЛЫМДАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жасалмаған) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын АҚШ долларындағы банк салымдары | **14.923.709** | 7.640.521 |
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын теңгемен банк салымдары | **13.276.643** | 15.849.777 |
| **Қысқа мерзімді банк салымдары** | **28.200.352** | 23.490.298 |
| Өтеу мерзімі бір жылдан артық болатын АҚШ долларындағы банк салымдары | **32.172.651** | 31.007.488 |
| Өтеу мерзімі бір жылдан артық болатын теңгемен банк салымдары | **4.257.791** | 6.718.910 |
| Минусы: пайдалануға шектелген ақша қаражаты | **(3.937.791)** | (4.178.146) |
| **Ұзақ мерзімді банк салымдары** | **32.492.651** | 33.548.252 |

2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша салымдар банктерде теңгемен жылдық 2,5%-9,5% және шетел валютасында 2,5%-5% етіп пайыздық мөлшерлемелерге орналастырылды.

2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 3.751.127 мың теңге мөлшерінде пайдаланылуы шектелген депозиттік шоттар Топ қызметкерлері үшін банк қарыздарын қамсыздандыру ретінде ашылды (2014 жылғы 31 желтоқсан: 3.991.482 мың теңге).

2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 186.664 мың теңге сомасына бір жылдан артық өтеу мерзімі бар банктердегі салымдар активтерді шығару бойынша міндеттемелер бөлігінде көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт бойынша пайдалануда шектелген болды (2014 жылғы 31 желтоқсан: 186.664 мың теңге).

## 11. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Шетел валютасында банктердегі шоттар | **4.639.177** | 1.139.208 |
| Теңгемен банктердегі шоттар | **3.492.836** | 3.455.902 |
| Теңгемен салымдар | **3.343.192** | – |
| Жолдағы ақша қаражаты | **15.148** | 24.165 |
| Кассадағы қолма-қол ақша | **6.890** | 12.497 |
| | **11.497.243** | 4.631.772 |

Қысқа мерзімді салымдар ақша қаражатында Топтың мұқтаждығына қарай 3 (үш) айға дейінгі мерзімге орналастырылған. 2015 жылдың 30 маусымына салымдар бойынша сыйақы 0,19%-дан 3%-ға дейінгі мөлшерде орташа алынған пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі (2014 жылдың 31 желтоқсанына: 0,19%-дан 2%-ға дейін).

## 12. КАПИТАЛ

**Жарғылық капитал**

| | Айналысқа шығарылған жай акциялар (акциялар саны) | | | | Жарғылық капитал, мың теңгемен |
|---|---|---|---|---|---|
| | Номиналды құны 100 теңге | Номиналды құны 138 теңге | Номиналды құны 2.500 теңге | Номиналды құны 10.000 теңге | |
| 2014 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген) | 312.167.670 | 1 | 30.976.655 | 5.438.147 | 163.039.875 |
| **2015 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **312.167.670** | **1** | **30.976.655** | **5.438.147** | **163.039.875** |

Жай акциялар оларың иелеріне акционерлердің Жалпы жиналысының құзыреті шегінде барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығын береді. Жай акциялар бойынша дивидендтер акционердің қарауына қарай төленеді. 2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Компания дивидендтерді есептеген және төлеген жоқ.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 12. КАПИТАЛ (жалғасы)

**Жарғылық капитал (жалғасы)**

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Компания әрқайсысының номиналды құны 10.000 теңге болатын 1.214.533 дана көлемінде жай акцияларды шығарды. Акцияларды Компанияның жалғыз акционері сатып алып, 12.145.330 мың теңге жалпы сомаға Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында газ көлік активтерімен төленді.

**Қосымша төленген капитал**

2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топ қосымша төленген капиталдың құрамында ҚазМұнайГаздан 1.424.920 мың теңге сомаға алынған пайызсыз қаржылай көмек бойынша дисконтты мойындады.

2014 жылғы 13 наурызда ҚТГ Аймақ пен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ 6.791.631 мың теңге сомасына Қостанай облысында орналасқан газ құбырларын сенімгерлік басқару шартын жасады. 2014 жылғы 29 мамырда Компания мен ҚТГ Аймақ 3.823.518 мың теңге сомаға Батыс Қазақстан облысында орналасқан газ құбырларын сенімгерлік басқару шартын жасады (2013 жылғы 30 маусым: 520.673 мың теңге). Сенімгерлік басқару шарты ҚТГ Аймаққа бұл газ құбырларына меншік құқығы берілгенге дейін қолданылатын қысқа мерзімді тетік болып табылады. ҚТГ Аймақ мұндай активтердің тікелей пайдаланушысы болып табылады және сенімгерлік басқару шартына сәйкес бұл газ құбырларына иелік етуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды алды. Тиісінше, ҚТГ Аймақ бұл газ құбырларын активтер ретінде алғанын және бөлінбеген пайданың тиісінше ұлғаюын мойындады.

## 13. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2015 жылдың 30 маусымына және 2014 жылдың 31 желтоқсанына шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мыналар кіреді:

| | Шығару | Өтеу мерзімі | Пайыздық мөлшерлеме | АҚШ Доллары<br>2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | Мың теңгемен<br>2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | АҚШ доллары<br>2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | Мың теңгемен<br>2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «ИОА» облигациялары | 2007 жылғы мамыр | 2017 жылғы мамыр | 6,375% | 540.000.000 | 100.548.000 | 540.000.000 | 98.469.000 |
| «ҚТГ Аймақ» облигациялары | 2014 жылғы ақпан | 2018 жылғы желтоқсан | 7,50% | – | 8.629.170 | – | 8.629.170 |
| | | | | | 109.177.170 | | 107.098.170 |
| Минусы: мәміле бойынша амортизацияланбаған шығыстар | | | | | (375.011) | | (451.063) |
| Төленуге жататын сыйақы | | | | | 1.142.642 | | 1.125.707 |
| Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома | | | | | (1.142.642) | | (1.125.707) |
| **12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар** | | | | | **108.802.159** | | 106.647.107 |

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру, сондай-ақ алынған қарыздарды қайта қаржыландыру мақсатында 2014 жылы Қазақстан Қор Биржасының сауда жүйесінде саны 8.629.170 дана, бір облигация үшін номиналды құны 1.000 теңге, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 7,5% болатын және купондарды төлеу кезеңділігі 2018 жылға дейін жыл сайын 27 маусым және 27 желтоқсан болатын ҚТГ Аймақтың облигациялары орналастырылды. Сатып алушы үшін облигациялар бойынша кірістілік жылдық 8,2% тең. Орналастырылған облигациялар бойынша түскен сома 8.495.502 мың теңгені құрады.

2011 жылғы қарашада «Интергаз Файнанс Б.В.» 2007 жылғы мамырда шығарылған Еурооблигациялар бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелерді ИОА-ға аударды. Осылайша, ИОА және ИФБВ 2017 жылғы мамырда өтеу мерзімімен 540.000.000 АҚШ доллары сомасында топішілік қарыз бойынша есеп айырысты. 2011 жылғы қарашадан бастап ИОА 2007 жылғы мамырда шығарылған Еурооблигациялардың эмитентіне айналды. Кейіннен, мұндай борыштық бағалы қағаздар Қазақстанның Қор Биржасында тіркелді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 14. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР

2015 жылғы 30 маусымдағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық қарыздарға мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар | 94.572.245 | 76.777.496 |
| Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар | 19.072.180 | 28.630.793 |
| | **113.644.425** | 105.408.289 |
| Минусы: мәміле бойынша амортизацияланбаған шығындар | (840.804) | (610.118) |
| Плюсы: төленуге жататын сыйақы | 92.425 | 536.912 |
| | **112.896.046** | 105.335.083 |
| Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома | (21.697.165) | (86.334.449) |
| **12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар** | **91.198.881** | 19.000.634 |

### Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар

*«HSBC Bank Plc»*

2005 жылғы 15 тамыздағы несиелік келісімге сәйкес «Trinkaus & Burkhardt KGAA» және «CITI Group Global Markets Deutschland AG & CO.KGAA» ИОА-ға доллардағы баламамен 44.763.860 еуро сомасында қарыз берді, бұл «MAN TURBO AG» мен ИОА арасында жасалған Маңғыстау облысында «Опорная ГП «САЦ» компрессорлық станцияны әзірлеуге, жабдықты жеткізуге және салуға арналған Бас келісім құнының бір бөлігін білдіреді. Бұл несиелік келісімге сәйкес «HSBC Bank Plc» қаржы Агенті болып табылады.

ИОА бұл қарызды 2007 жылғы 30 қыркүйектен бастап 20 (жиырма) бірізді тең жартыжылдық төлемдермен төлеп отыр. Сыйақы жылдық 0,3% қоса алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеледі және жартыжылдық төлемдермен төленеді. Қосымша ИОА көрсетілген қарыздың пайдаланылмаған сомасына есептелетін жылына 0,1% мөлшеріндегі міндеттеме үшін комиссияны төлейді.

*«Natixis», «ING Bank, a branch of ING-DiBa AG», «Citibank N.A., London branch»*

2015 жылғы 26 ақпанда Компания мен «Natixis» (Франция), «ING Bank, a branch of «ING-DiBa» AG» (Германия), «Citibank N.A., London branch» (Ұлыбритания) (бұдан әрі бірлесіп– Синдикат деп аталады) арасында 3 жыл мерзімге, Либор + Синдикат Маржасы (1,5%) пайыздық мөлшерлемемен 400 миллион АҚШ доллары мөлшерінде несие желісін беру туралы Несие шартына қол қойылды. Несие шартында пайыздарды тоқсан сайынғы негізде төлеп отыру көзделген. 2015 жылғы 12 наурызда Компания 74.480.000 мың теңге (баламасы 400.000.000 АҚШ доллары) жалпы сомада қаржыландыруды алды. Несие шартында көзделген іріктеу туралы сұратуға сәйкес жоғарыда аталған сома Синдикатқа және мәмілеге қатысқан басқа да тараптарға тиесілі қаржыландыруды ұйымдастырғаны үшін соманы шегере отырып алынды, сондай-ақ «VTB Bank» тобының алдында 46.337.500 мың теңге мөлшерінде (баламасы 250.000.000 АҚШ доллары) тікелей өтелген берешек алынды. 2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Компания 334.189 мың теңге (баламасы 1.806.982 АҚШ доллары) мөлшерінде есептелген пайыздық сыйақыны өтеді.

*«Citibank, N.A.Nassau» және «Ситибанк Қазақстан»*

2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде әрбір тартылған траншты игеру күнінен бастап 12 (он екі) айдан артық емес мерзімге 3 айлық Либор + 2% мөлшерлемесі бойынша 200 миллион АҚШ долларына дейінгі лимитпен қысқа мерзімді несиелер туралы Бас келісімге сәйкес «Citibank, N.A Nassau, Bahamas Branch» (Багам Аралдарының Ынтымақтастығы) және «Ситибанк Қазақстан» АҚ айналым капиталын толықтыру мақсатында Компанияға 27.275.185 мың теңге (баламасы 147.200.000 АҚШ доллары) жалпы сомада бірнеше траншпен қосымша қаржыландыруды берді. 2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Компания 35.274.846 мың теңге (баламасы 190.500.000 АҚШ доллары) мөлшерінде негізгі борышты және 206.326 мың теңге (баламасы 1.113.520 АҚШ доллары) мөлшерінде, оның ішінде 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында тартылған транштар бойынша 9.268.121 мың теңге (баламасы 50.000.000 АҚШ доллары) мөлшерінде пайыздық сыйақыны өтеді. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 14. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

**Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар (жалғасы)**

*«VTB Bank» тобы*

2014 жылғы 13 наурызда ВТБ Банк (Австрия) АГ, ВТБ Банк (Германия) АГ және Компания арасында Либор + Банк маржасы (2,2%) пайыздық мөлшерлемесі бойынша, 6 айға өтеу мерзімімен және 6 айға ұзарту мүмкіндігімен 250.000.000 АҚШ доллары мөлшерінде Несие желісін беру туралы шартқа қол қойылды. Пайыздардың төленуі тоқсан сайынғы негіздегі келісіммен көзделген. 2014 жылғы 26 наурызда Компания 45.504.994 мың теңге (баламасы 250.000.000 АҚШ доллары) жалпы сомада қаржыландыруды алды. Компания бастапқы өтеу мерзімін 2015 жылғы 26 наурызға дейін ұзартты. Қарызды ұйымдастыру туралы келісімге сәйкес Компания оның ұйымдастырылуы үшін комиссия ретінде қарыз сомасының 1,35%-ын екі рет төледі, бірінші төлем қарызды алғаш рет алған кезде, ал екіншісі оны 6 (алты) айға ұзарту сәтіне жасалды. 2015 жылдың ішінде Компания 46.337.500 мың теңге (баламасы 250.000.000 АҚШ доллары) сомасында қарыз бойынша негізгі борыштың барлығын және 285.778 мың теңге жалпы сомаға есептелген пайыздарды өтеді. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

*«ДБ Royal Bank of Scotland» АҚ*

2014 жылғы 10 ақпанда Компания «ДБ Royal Bank of Scotland» АҚ-мен 2015 жылғы 9 ақпанға дейінгі мерзімге ЛИБОР + 2,5% пайыздық мөлшерлемемен 50.000.000 АҚШ долларына дейінгі сомаға айналым капиталын толықтыруға жаңартылатын несие желісін ашу туралы келісімге қол қойды. 2015 жылдың ішінде Компания 2.971.490 мың теңге (баламасы 16.110.000 АҚШ доллары) сомасында негізгі борыштың барлығын және 12.015 мың теңге мөлшерінде есептелген пайыздарды өтеді. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

**Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар**

*«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ*

ҚТГ Аймақпен «ОҚО газ бөлу жүйесін жаңғырту» жобасы бойынша 10 (он) жылға дейінгі қарыз мерзімімен 8,2% пайыздық мөлшерлемемен 21.485.004 мың теңге сомаға 2014 жылғы 12 наурызда жасалған жаңартылатын несие желісін ашу туралы келісімге сәйкес 1-ші сублимит шеңберінде алынған қарыздар сомасы 2014 жылғы қарашадан бастап 669.897 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс. 2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде ҚТГ Аймақ 669.897 мың теңге мөлшерінде негізгі борыш сомасын, сондай-ақ 493.053 мың теңге мөлшерінде 2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін есептелген пайыздарды өтеді.

«Тараз қ. ГБС жаңғырту» жобасы бойынша 15 (он бес) жылға дейінгі қарыз мерзімімен 8,1% пайыздық мөлшерлемемен 16.400.000 мың теңге сомаға 2013 жылғы 17 шілдедегі жаңартылатын несие желісін ашу туралы келісімге сәйкес 1-ші сублимит шеңберінде алынған қарыздар сомасы 2015 жылғы қыркүйектен бастап 299.337 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс. 2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде ҚТГ Аймақ 199.276 мың теңге мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді.

2007 жылғы 12 маусымдағы банктік қарыз шартына сәйкес 1.700.651 мың теңге сомадағы қарыз 113.377 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс. Бұл қарыз «Өзен-Жетібай газ құбырының резервтік желісі» жобасын іске асыру үшін тартылды. 2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде ҚТГ Аймақ 113.377 мың теңге мөлшерінде негізгі борыш сомасын, сондай-ақ 76.795 мың теңге мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ҚТГ Аймақтың бұл қарыздар бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

*«Altyn Bank» АҚ*

2015 жылдың бірінші жартыжылдығында «Altyn Bank» АҚ-да ашылған несие желісінің шеңберінде Компания айналым қаражатын толықтыру үшін 5.330.200 мың теңге (баламасы 29.000.000 АҚШ доллары) жалпы сомаға екі траншпен қарыздар тартты. «Altyn Bank» АҚ алдындағы негізгі борыш бойынша берешек 2015 жылғы 3 ақпанда өтелді. Несие қаражатын пайдаланғаны үшін пайыздық сыйақы ретінде Компания 9.730 мың теңге (баламасы 52.750 АҚШ доллары) төледі.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 14. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

**Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар (жалғасы)**

*«Ресей Жинақбанкі» ЕБ АҚ*

2013 жылғы 9 қыркүйектегі жаңартылатын несие желісін ашу туралы шартқа сәйкес 2013 2014 жылдары ҚТГ Аймақ 9.000.000 мың теңге сомасында қаржыландыру алды. 2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде ҚТГ Аймақ 9.000.000 мың теңге мөлшерінде негізгі борышты және 138.338 мың теңге (2014жылғы 30 маусым: 277.936 мың теңге) мөлшерінде есептелген пайыздарды өтеді. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ҚТГ Аймақтың бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

## 15. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар | 14.881.897 | 14.881.897 |
| Пайызсыз қарыздар | 25.321.800 | – |
| | 40.203.697 | 14.881.897 |
| Минусы: дисконт | (7.462.407) | (6.899.509) |
| Плюсы: төленуге жататын сыйақы | 205.013 | – |
| | 32.946.303 | 7.982.388 |
| Минусы: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома | (24.775.802) | – |
| **12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар** | **8.170.501** | 7.982.388 |

**«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ**

2014 жылғы 12 қыркүйекте бас компания өтімділік көрсеткіштерін жақсарту үшін Компанияға жылдық 4,1% пайыздық мөлшерлемемен 14.881.897 мың теңге жалпы сомаға ұзақ мерзімді қаржыландыруды берді. Бұл қарыз 2024 жылғы 12 қыркүйекке дейін төленуі тиіс. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бұл қарыз 8.170.501 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 7.982.388 мың теңге) мөлшерінде әділ құны бойынша көрсетілген.

2015 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Компания БШГ қысқа мерзімді қарыздарды беру арқылы «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырының құрылысын қаржыландыру мақсатында ҚазМұнайГаздан 25.321.800 мың теңге сомасына бірнеше траншпен пайызсыз қарыздар алды *(8-ескертпе)*. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бұл қарыз 24.570.789 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: нөл теңге) мөлшерінде әділ құны бойынша көрсетілді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 16. РЕЗЕРВТЕР

| *Мың теңгемен* | Газды тасымалдау шығыстары бойынша резерв | Ұңғымаларды жою, учаскені қалпына келтіру және тарихи шығындар | Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резерв | Кепілдік бойынша резервтер | Салықтар бойынша резервтер | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2014 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)** | 13.328.668 | 2.665.200 | 35.599.605 | 3.585.436 | 1.439.354 | 56.618.263 |
| Бағамдық айырма | 281.412 | 13.187 | – | 76.414 | – | 371.013 |
| Дисконт амортизациясы | – | 86.686 | 1.828.522 | – | – | 1.915.208 |
| Пайдаланылмаған сомаларды сторнациялау *(23-ескертпе)* | – | – | – | (1.618.050) | – | (1.618.050) |
| Пайдаланылды | – | (104.053) | – | (2.043.800) | (104.840) | (2.252.693) |
| **2015 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **13.610.080** | **2.661.020** | **37.428.127** | **–** | **1.334.514** | **55.033.741** |
| **2015 жылғы 30 маусымға ағымдағы резервтер** | **13.610.080** | **212.500** | **–** | **–** | **1.334.514** | **15.157.094** |
| **2015 жылғы 30 маусымға ұзақ мерзімді резервтер** | **–** | **2.448.620** | **37.428.127** | **–** | **–** | **39.876.647** |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға ағымдағы резервтер** | 13 328.668 | 211.130 | – | 3.585.436 | 1.439.354 | 18.564.588 |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді резервтер** | – | 2.454.070 | 35.599.605 | – | – | 38.053.675 |

### Кепілдік бойынша резервтер

Топ ҚТГ-Тбилиси берешегін қамтамасыз ету ретінде «Грузия Банкінің» пайдасына өтелмеген кепілдік бойынша міндеттемелерді көтерді. Бұл кепілдікпен қамтамасыз етілген берешек сомасы 1.823.500 мың теңге болды (2014 жылғы 31 желтоқсанға баламасы 10.000.000 АҚШ доллары). 2009 жылғы қаңтарда ҚТГ-Тбилиси қарыздың негізгі сомасы мен есептелген пайыздар бойынша төлем жасауды тоқтатты. 2010 жылдың ішінде «Грузия Банкі» сот процесін бастап, 2011 жылғы 25 қарашада Лондонның арбитраждық соты берілген кепілдік бойынша өндіріп алу туралы шешімді қабылдады: 2.584.811 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсанға баламасы 14.175.001 АҚШ доллары) жалпы сомаға «Грузия Банкі» пайдасына қарыз сомасын, сыйақыны және сот шығыстарын. 2014 жылы Топ 735.484 мың теңге сомаға қосымша резервті құрды, әрі ол төлем мерзімін кешіктіргені үшін өсімпұлды және басқа да шығыстарды білдіреді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл кепілдік бойынша есептелген резервтің жалпы сомасы 3.585.436 мың теңге болды (2014 жылғы 31 желтоқсанға баламасы 19.662.386 АҚШ доллары).

2015 жылғы 30 сәуірде Топ 2014 жылғы 7 қарашадағы Әлемдік келісімге сәйкес 2.043.800 мың теңге сомасында (ақы төлеу күніне баламасы 11.000.000 АҚШ доллары) «Грузия Банкінің» пайдасына өтелмеген кепілдік бойынша төлем жасады, әрі оған ҚТГ-Тбилиси негізгі борышы бойынша 10.000.000 АҚШ долларындағы сома және тағайындалған сыйақы бойынша 1.000.000 АҚШ долларындағы сома кіреді.

### Газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша резерв

Негізгі құралдарды орнату кезінде Топ магистральдық газ құбырларын дисконтталған негізде пайдаланудан шығару бойынша келешек шығындарға арналған резервті толық көлемде құрды. 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша газ құбырларын жою және учаскені қалпына келтіру бойынша 37.428.127 мың теңге сомасындағы резерв 2021 жылдан бастап 2084 жылға дейінгі кезеңде болады деп күтілетін негізгі құралдарға жататын газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру шығындарының ағымдағы құнын білдіреді.

2015 жылғы 30 маусымға инфляцияның ұзақ мерзімді үрдісі мен газ құбырларын жою және учаскелерді қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконт мөлшерлемесі тиісінше 3,22% және 10.09% болды (2014 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 3,22% және 10,09%).

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 17. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардың алдында | **20.706.624** | 31.773.511 |
| Байланысты тараптардың алдында *(26-ескертпе)* | **20.252.805** | 26.339.062 |
| | **40.959.429** | 58.112.573 |

Сауда кредиторлық берешек сатып алынған газ үшін берешекпен білдірілген. Басқа да кредиторлық берешек негізінен газ көлік жүйесін жөндеумен және қызмет көрсетумен байланысты активтер мен қызметтер үшін берешекпен білдірілген.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек пайызсыз болып табылады, сол бойынша есеп айырысулар әдетте 30 күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешек келесі валюталарда білдірілген:

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Теңгемен | **31.934.914** | 38.660.731 |
| АҚШ долларымен | **9.021.344** | 19.442.162 |
| Өзге валютада | **3.171** | 9.680 |
| | **40.959.429** | 58.112.573 |

## 18. ӨЗГЕ АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| *Мың теңгемен* | 2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Сыйлықақылар бойынша есептелген резерв | **1.854.887** | 2.550.168 |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв | **1.364.798** | 1.357.625 |
| Жалақы бойынша берешек | **804.231** | 1.490.878 |
| Келешек кезеңдердің кірістері | **378.671** | 372.856 |
| Зейнетақы аударымдары | **362.229** | 623.539 |
| Тендерлер бойынша алдын ала төлем | **-** | 461.364 |
| Басқасы | **1.214.726** | 1.737.442 |
| | **5.999.542** | 8.593.872 |

2015 жылғы 30 маусымдағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелер теңгемен көрсетілді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 19. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНЕН ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР

| | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) | |
|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **2015 жыл** | 2014 жыл |
| Газды өткізуден түскен кірістер | **102.358.938** | 115.436.867 |
| Газды тасымалдау қызметтерінен түскен кірістер | **54.643.795** | 57.331.821 |
| Газ құбырларына техникалық қызмет көрсетуден түскен кіріс | **1.367.290** | 294.001 |
| | **158.370.023** | 173.062.689 |

2014 жылғы 31 желтоқсанда Топ «Gazprom Schweiz AG»-мен 2015 жылы газды экспорттауға арналған жаңа келісімшартқа қол қойды. 2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда Топ шарттық көлемнен 25.769.962 мың теңге жалпы сомаға 736.544 мың текше метр көлемінде газды жеткізді (2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда: 44.263.875 мың теңге жалпы сомаға 1.134.079 мың текше метр).

«Газпром»-ға тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге арналған келісімшарттарға сәйкес тасымалдау келісімшарттық тасымалдау көлемінің 80% мөлшерінде «сатып алушыны тауарды қабылдауға немесе тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттейтін» қағидатқа негізделген.

Жоғарыда көрсетілген «Газпром»-мен қызмет көрсету келісімшарттарына сәйкес Топ кез келген дәлелденген тікелей шығындар немесе «Газпром» жеткізілмей қалған газ көлемі үшін төленген нақты айыппұлдар үшін жауапкершілік көтереді.

## 20. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМ МЕН КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

| | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) | |
|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **2015 жыл** | 2014 жыл |
| Өткізілген газдың өзіндік құны | **79.311.435** | 95.335.460 |
| Тозу және амортизация | **15.017.579** | 12.971.268 |
| Жалақы және тиісті аударымдар | **11.679.375** | 11.780.878 |
| Көлік шығыстары | **7.317.441** | 3.016.233 |
| Жағар газ және газдан айырылу | **4.532.349** | 5.300.610 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | **3.532.750** | 2.261.552 |
| Биллинг қызметтері | **1.654.247** | 1.463.384 |
| Электр энергиясы | **986.695** | 604.713 |
| Жөндеу және техникалық қызмет көрсету | **961.133** | 1.107.178 |
| Күзет қызметтері | **952.859** | 798.964 |
| Сақтандыру | **348.947** | 253.109 |
| Іссапар шығыстары | **347.305** | 427.019 |
| Байланыс шығыстары | **195.570** | 171.622 |
| Концессия шарты бойынша шығыстар | **–** | 1.041.144 |
| Басқасы | **1.096.800** | 2.022.992 |
| | **127.934.485** | 138.556.126 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 21. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

| *Мың теңгемен* | 2013 жылдың 30 маусымында алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| Жалақы және тиісті аударымдар | 5.304.584 | 5.077.327 |
| Жалдау шығыстары | 1.021.507 | 502.927 |
| Тозу және амортизация | 658.368 | 652.073 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | 579.724 | 295.273 |
| Қызметкерлерге берілген тұрғын үй өтемақыларының амортизациясы | 303.542 | 179.800 |
| Консалтинг қызметтері | 243.274 | 409.073 |
| Офисті ұстап тұру шығыстары | 241.101 | 219.715 |
| Банктік қызметтер | 230.157 | 235.376 |
| Демеушілік пен қайырымдылық | 200.000 | 441.173 |
| Іссапар шығыстары | 161.459 | 212.908 |
| Байланыс | 85.070 | 84.846 |
| Күзет қызметтері | 72.031 | 90.934 |
| Сақтандыру | 23.066 | 19.905 |
| Күмәнді берешек, берілген аванстар, ескірген және өтпейтін ТМҚ бойынша резервтегі өзгеріс, нетто | (1.294.475) | 315.865 |
| Басқасы | 617.086 | 1.323.633 |
| | 8.446.494 | 10.060.828 |

## 22. БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

| | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) 2015 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|
| **Басқа да операциялық кірістер** | | |
| Көрсетілген қызметтер бойынша кірістер (үйішілік газды қызмет көрсету, қосылу, техникалық қызмет көрсету) | 1.022.162 | 1.522.417 |
| Айыппұлдардан түскен кіріс | 205.012 | 215.682 |
| ТМҚ өткізуден болған кіріс | 90.023 | 187.442 |
| Болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы | 56.120 | 958.470 |
| Негізгі құралдардың шығуынан түскен кіріс | 2.829 | 234.141 |
| Басқасы | 902.179 | 1.047.479 |
| | 2.278.325 | 4.165.631 |
| **Басқа да операциялық шығыстар** | | |
| Жалақы және тиісті аударымдар | (549.724) | (589.710) |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің өткізілуінен болған шығыстар | (112.892) | (470.633) |
| ТМҚ өткізуден болған шығыстар | (69.425) | (125.367) |
| Басқа активтердің тозуы және амортизациясы бойынша шығыстар | (27.181) | (38.503) |
| Негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залал | (5.278) | (182.532) |
| Газ қарызы бойынша операциялардан болған шығын | – | (1.548.774) |
| Басқасы | (426.180) | (968.832) |
| | (1.190.680) | (3.924.351) |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 26. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)

**Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары (жалғасы)**

| *Мың теңгемен* | **2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Берілген пайызсыз қарыздар** | | |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **53.623.075** | 25.427.403 |
| | **53.623.075** | 25.427.403 |

| *Мың теңгемен* | **2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Сауда және басқа да кредиторлық берешек** | | |
| «ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар | **689.316** | 1.188.224 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **14.683.788** | 21.296.164 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **4.863.762** | 3.826.138 |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы ұйымдар | **15.939** | 28.536 |
| | **20.252.805** | 26.339.062 |

| *Мың теңгемен* | **2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Алынған аванстар** | | |
| «ҚазМұнайГаз»-дың жалпы бақылауындағы ұйымдар | **1.225.163** | 298.696 |
| «Самұрық-Қазына» мен Үкіметтің бақылауындағы ұйымдар | **8.200** | 176.326 |
| «Самұрық-Қазына» және Үкімет қатысушылар болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **–** | 256.907 |
| | **1.233.363** | 731.929 |

| *Мың теңгемен* | **2015 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2014 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Банктердегі қаражат** | | |
| «Альянс Банк» АҚ | **–** | 1.058.281 |
| | **–** | 1.058.281 |

**Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы**

Негізгі басқарушы қызметкерлерге Басқарма мүшелері, Компания департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарлары кіреді, олардың жалпы саны 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 36 адам (2014 жылы: 36 адам). 2015 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген сыйақының жалпы сомасы 389.176 мың теңге (2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда: 495.085 мың теңге) болды, тиісінше ол жалақы мен басқа да қысқа мерзімді сыйақылардан тұрды және жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есептің жалпы және әкімшілік шығыстар құрамына қосылды.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 27. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың шарттық және шартты міндеттемелері 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген, келесі ақпаратты қоспағанда:

**Капиталды сипатындағы міндеттемелер**

Геологиялық барлау жұмыстарын жасау үшін 2015 жылғы 3 сәуірде Компания «НК «СПК «Сарыарқа» АҚ-мен Қарағанды көмір бассейнінің Шерубайнұр учаскесінің көмір пластарынан метанды барлау жобасын іске асыру бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қолын қойды.

2015 жылғы 5 маусымда Топ жалпы құны 1.454.544 мың теңге болатын, ҚҚС-ты қоса, «Industrial Energy Alliance» ЖШС-пен геологиялық барлау бойынша жұмыстарды сатып алу туралы шартты жасады, әрі соған сәйкес Топ «Industrial Energy Alliance» ЖШС-не 2015 жылғы 25 маусымдағы жағдай бойынша 436.362 мың теңге сомасында авансты төледі. Келісімшарт бойынша 1.454.544 мың теңге мөлшеріндегі жұмыстардың қалған бөлігі тепе-тең ұсталған аванс сомасын шегере отырып геологиялық барлау жұмыстарының аяқталуына қарай өтелуі тиіс. Геологиялық барлау жұмыстары шартқа қол қойылған сәттен бастап 400 күннің ішінде орындалуы тиіс. Шарттың қолданылу мерзімі 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

**Қарызға алынған газды уақтылы қайтармау бойынша кеден төлемдері**

2014 жылғы желтоқсанда «АлматыГазТрейд» ЖШС (бұрынғы КТГ Алматы еншілес ұйымы) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Мемлекеттік кіріс комитетінің Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кіріс департаментінен (бұдан әрі «Департамент») хабарлама алды, соған сәйкес Департамент «АлматыГазТрейд» ЖШС-не Газ қарызы туралы келісімнің шеңберінде газдың уақтылы қайтарылмауына орай 2.851.689 мың теңге жалпы мөлшерде кеден төлемдері, салықтар мен өсімпұлдар бойынша қосымша берешекті есептеді.

Газ қарызы туралы келісімге сәйкес газ уақтылы қайтарылмаған жағдайда «ПетроЧайна» «АлматыГазТрейд» ЖШС-тен 1000 текше метр үшін 340 АҚШ доллары бағасы бойынша қайтарылмаған газ көлемін өтеуін талап етуге құқылы. Департаменттің қосымша есептелуі 1000 текше метр үшін 340 АҚШ доллары бағасы бойынша мерзімінде қайтарылмаған газ көлемі үшін кеден төлемдерінің сомасын білдіреді.

Басшылық жоғарыда аталған қосымша есептеу заңсыз әрі негізсіз деп есептейді, өйткені, шартта мұндай айыппұл санкциясының болуына қарамастан, қарсы агент бұл шарт талабын пайдаланбады және айыппұлды төлеу туралы талапты қоймады. Жоғарыда аталған жағдайларға орай ҚТГ Алматы Департамент атына шағым-арызын жолдады.

Топ басшылығы елеулі салық міндеттемелерінің ықтималдылығын қашық деп бағалап отыр, осыған орай, бұл қосымша есептеулер бойынша ешбір резервтер 2015 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте құрылмады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 28. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Бұдан әрі Топтың барлық қаржы құралдарының баланстық құны мен әділ құны бойынша бөле отырып салыстыру берілген:

| | Баланстық құны | | Әділ құны | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | 30 маусым 2015 жыл (аудит жүргізілмеген) | 31 желтоқсан 2014 жыл (аудит жүргізілген) | 30 маусым 2015 жыл (аудит жүргізілмеген) | 31 желтоқсан 2014 жыл (аудит жүргізілген) |
| **Қаржы активтері** | | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | **11.497.243** | 4.631.772 | **11.497.243** | 4.631.772 |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | **53.623.075** | 25.427.403 | **53.623.075** | 25.427.403 |
| Пайдалануы шектелген ақша қаражаты мен олардың баламалары | **3.937.791** | 4.178.146 | **3.937.791** | 4.178.146 |
| Банктік салымдар | **60.693.003** | 57.038.550 | **60.693.003** | 57.038.550 |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек | **42.205.059** | 63.033.980 | **42.205.059** | 63.033.980 |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | **109.944.801** | 107.772.814 | **113.737.321** | 111.187.863 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | **40.959.429** | 58.112.573 | **40.959.429** | 58.112.573 |
| Байланысты тараптардан қарыздар бойынша берешек | **32.946.303** | 7.982.388 | **32.946.303** | 7.982.388 |
| Алынған пайыздық қарыздар | **112.896.046** | 105.335.083 | **112.896.046** | 105.335.083 |

**Бағалау және болжау әдістері**

Топ басшылығы ақша қаражаты мен банк салымдарының, сауда дебиторлық берешектің, байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздардың, сауда және басқа да кредиторлық берешектің, алынған қысқа мерзімді қарыздардың әділ құны, ең алдымен, бұл құралдарды өтеудің қысқа мерзімдеріне орай, шамамен олардың баланстық құнына тең екендігін айқындады.

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны мұндай мәмілені жасағысы келетін тараптардың арасындағы ағымдағы операцияның нәтижесінде мәжбүрлі сатудан немесе таратудан басқа, құралға айырбасталуы мүмкін соманы білдіреді.

Бағасы белгіленетін облигациялардың әділ құны есепті күнгі бағалардың белгіленуі негізінде айқындалады.

Ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құны өтеуге дейін қалған ұқсас талаптармен, несие тәуекелімен және мерзімдермен берешек үшін ағымдағы мөлшерлемелерді пайдалана отырып дисконтталған ақша ағындары әдістерінің көмегімен айқындалады.

**Әділ құны көздерінің иерархиясы**

Топтың 2015 жылғы 30 маусымдағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша борыштық міндеттемелерінің әділ құнын бағалау кезінде белсенді нарықтардағы баға белгілеулер пайдаланылды (1-ші деңгей – Ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленуі (қандай да бір түзетулерсіз)). 2015 жылғы 30 маусымдағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған ұзақ мерзімді қарыздардың әділ құны айтарлықтай қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып бағаланды (2-ші деңгей – Бағалау модельдері (оларда әділ құнын бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама қадағаланатын болып табылады)).